

"Патент беруге қорытынды жасаумен сортты сипаттаудың, өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беру туралы қорытынды, өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы қорытынды және селекциялық жетістіктің атауын тексеру нәтижесі бойынша қорытынды туралы қорытындының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 168 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 25 ақпандағы № 116 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 12 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6122 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 19 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.01.2016 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы «Тұқым шаруашылығы туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Патент беруге қорытынды жасаумен сортты сипаттаудың, өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беру туралы қорытынды, өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы қорытынды және селекциялық жетістіктің атауын тексеру нәтижесі бойынша қорытынды туралы қорытындының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 168 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5646 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2009 жылы, № 7) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауында «өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беру туралы қорытынды» деген сөздер «сорттың патент қабілеттілігі туралы қорытынды (өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беру туралы)» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«сорттың патент қабілеттілігі туралы қорытынды (өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беру туралы)»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беру туралы қорытынды нысанында:
атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сорттың патент қабілеттілігі туралы қорытынды (өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беру туралы)».

2. Егіншілікті дамыту және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күндік мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

М. Оразаев